

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ  
РАЙЫМБЕК БАТЫР АТЫНДАҒЫ №50 «ҚАЗҒАРЫШ»  
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ  
№2 ӨНЕР МЕКТЕБІ**

## **Домбыра үйрену**

*Факультатив курсының бағдарламасы*

**4-СЫНЫП**

**Нұр-Сұлтан, 2020**

Қалалық оқу-әдістемелік Сараптамалық кеңес отырысында қарастырылып Республикалық Сараптамалық кеңесте қарастыруға жіберілді (хаттама №1, 24.08.2020ж.)

**Пікір берушілер:**

1. Б.А.Абенов., дәстүрлі музыка өнері факультеті, «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі, өнертану ғылымының магистрі, Қазақ Ұлттық Өнер университеті
2. Иманқұлова Р.Т., директордың ғылыми әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары

**Құрастырушылар:** Алхожаева Н.К. , Дуйсенгазиев Б.Б. Домбыра үйрену. Факультатив курсының бағдарламасы - Нұр - Сұлтан, 2020.-20 б.

«Домбыра үйрену» факультатив курсының бағдарламасы негізгі орта білім беретін мектептердегі домбыра факультатив таңдау курсына арналған. Ұсынылып отырған бағдарлама домбыра аспабын үйретудің келесі кезеңінде аспапты оқушылардың сауатты игеруіне, шығармашылық қабілеттерінің дамуына бағытталған. Домбыра аспабын үйренудің алғашқы сатысын игерген оқушыларға 4-сыныпта күй жанрында ойналатын шығармалар берілген. Сонымен қатар игерілетін шығармалардың шығу тарихы, аңыздары, ноталары мен сандық нұсқасы берілген. «Домбыра үйрену» факультатив курсының бағдарламасында дәстүрлі құйма құлақ әдісі мен сандық тәсіл арқылы домбыра аспабын игерту жолдары ұсынылды.

«Домбыра үйрену» факультатив курсының 4-сынып мұғалімдеріне арналған.

## Мазмұны

Түсінік хат .....	4
«Домбыра үйрену» факультатив курсының бағдарламасы.....	6
Тақырыптық-күнтізбелік жоспар.....	7
Домбыра үйренуге арналған әдістемелік нұсқау .....	9
Пайдаланған әдебиеттер .....	20

## Түсінік хат

Кәсіби оқу жүйесінің пәрменді түрдегі даму сатысы бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Бұл жұмысымыз орта мектептерде домбыра аспабын меңгеруде, халықтық “құйма құлақ» әдісі мен заманауи «сандық нота» әдістерін сабақтастырып, сабақ беруде көмекші әдістемелік нұсқаулық ретінде ұсынылады.

Халық күйшілері қалдырған күй үйрену тәжірибесінің негіздерін жинақтап, қазіргі домбыра үйренудің жүйелі әдіс-тәсілдерін жасап, домбыра үйренудің болашақтағы бағыт-бағдарын анықтап алуды өмірдің өзі талап етіп отыр. Ең бастысы бұрынғы халық күйшілерінің күй үйрену тәжірибесінен адасып қалмау. Күйдің мазмұнын түсініп, мәнерлеп жақсы тарту үшін шеберлік қажет.

Күй үйрену тәсілдерінің өте ерте заманда-ақ қалыптасқанын көрсететін айғақтардың бірі, домбыра тарту шеберлігіне тән атаулардың лексикалық мағынасының болуы. Қағыстардың сан түрлі атаулары, саусақ басу тәртібі, пернелердің атаулары, күй тарту шеберлігіне қатысты атаулардың түр-түрі жиі кездеседі.

Домбыра тартуды үйрену оңай шаруа емес екенін онымен көп жылдар бойы шұғылданып келе жатқан ұстаз жақсы біледі. Бұрынғы кездегі дәстүрлі күй үйретумен қазіргі күй үйретудің арасында көптеген айырмашылық бар. Әрине, бұрынғы аталарымыздың күй үйрену тәжірибесін одан әрі жалғастыру басты міндетіміз.

Домбыра аспабын меңгеру жастарды салауатты өмір салты мен рухани, мәдени тұрғыда тәрбиелейді. Домбыра аспабын ұлттық брендке айналдыруды жүзеге асыруға қызығушылық танытқан мектептерге факультатив сабақтарының бағдарламасын ұсынамыз.

4-сынып мұғалімдеріне арналған бұл оқу- әдістемелік кешені III бөлімнен тұрады.

**I бөлімде** домбыра аспабын үйретуге арналған әдістемелік нұсқаулық келтірілді.

**II бөлімде** домбыра үйрену тақырыбын оқытуға арналған күнтізбелік жоспар мен 34 сағатқа арналған сабақ жоспары құрастырылды.

**III бөлімде** сабақ жоспарына негізделіп жасалған жұмыс дәптері көрсетілді.

**Аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатқа дайындалған.**

**Бағдарламаның мақсаты:** Домбыра аспабын игерту арқылы оқушының бойындағы ұлттық музыкаға деген сүйіспеншілігін ояту, ұлттық құндылықтарды бойына дарыту. Баланың бойында шығармашылық даралығын қалыптастыру, ол оқушының сенімін арттыру, баланың бойында жақсы бастаманың барына сеніммен қарай білу.

**Міндеттері:**

- Оқушылардың бойында ұлттық аспапқа деген қызығушылығын арттыру.

- Оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- Музыкалық шығармаларды жаттату арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Ұлттық өнерге баулу;
- Домбыра аспабын сауатты игерту;

#### **Өзектілігі:**

Домбыра аспабын үйретуге байланысты көптеген еңбектер бар. Олардың негіздері А.Жаймов, С.Бүркітов, Біләл Ысқақовтардың «Домбыра үйрену мектебі», Л.Хамидми, Б.Ғизатовтың «Домбыра үйрену мектебі», Х.Тастановтың «Алғашқы сабақ беру методикасы» кітаптары музыкалық оқу орындарының студенттері мен оқушылары және өздігінен үйренуші талапкерлер үшін негізгі оқу құралдары болып табылады.

Әдетте әр кезең өз жаңалық өзгерістерін ала келумен бірге өзіне лайық талап тілегін тудыратыны да анық. Сондай жаңалықтардың бірі сандық нота негізінде домбыра аспабын игерту әдісі. Сандық нотаны алғаш ойлап тауып, өз тәжірибесінде алғаш қолданушылар Ж.Нәжімеденов пен Ж. Нәдірбековтің еңбектері бүгінде өз нәтижесін беріп отыр.

Қазіргі уақытта ұлттық өнерімізде туындап отырған оң өзгерістер мен бетбұрыстар домбыра еншісіне де өз тиесілі жүгін артып отыр.

Домбырадан дәріс беру құралдары сабақ беру методикасы жағынан алып қарағанда белгілі бір жүйеге келтірілгенімен, орта мектептерде домбыра үйренудің әдістемелік нұсқаулығы жоқтың қасы. Біз бұл еңбегімізде домбыра аспабын дәстүрлі құйма құлақ әдісі мен сандық нота арқылы үйретуді ұсынамыз.

#### **Жаңашылдығы:**

«Домбыра үйрену» әдістемелік кешені ұстаз бен оқушының курсты меңгеруіне керекті материалдар жинақталған. Игерілетін шығармалардың классикалық нота жазбасы мен қатар сандық нота үлгісі бірге берілген. Бұл орта мектептегі оқушылардың домбыра аспабын жеңіл игеруіне ыңғайлы жол ашады. Әр сабақ барысында жаңа музыкалық шығарма тыңдауға ұсынылады. Сабақ жоспары Блум таксаномиясы негізінде құрастырылған.

#### **Күтілетін нәтиже:**

- Оқушылардың бойында ұлттық аспапқа деген қызығушылығы артады.
- Оқушыларының шығармашылық қабілеттері дамиды.
- Музыкалық шығармаларды жаттату арқылы есте сақтау қабілеттері дамиды.
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды.
- Домбыра аспабын сауатты игеру арқылы еліміздің бәсекеге қабілетті патриотын, ұлт мәдениетін терең ұғынатын, домбыра аспабын игерген ұлттық музыкамызды қастерлейтін, рухани құндылықтарға бай тұлға қалыптасады.

**«Домбыра үйрену» факультатив курсының бағдарламасы**  
**4-сынып**  
**Барлығы – 34 сағат (аптасына – 1 сағат)**

**Күй аспаптық музыкалық жанр - 1 сағат**

Оқушыларды күй жанрымен таныстыру. Күй туралы жалпы түсінік беру.

**Халық күйі «Көк дөнен» - 7 сағат**

Халық күйі «Көк дөнен» шығармасын домбыра аспабымен ойнауды игерту.

**Халық күйі «Жастар» - 7 сағат**

Халық күйі «Жастар» шығармасын домбыра аспабымен ойнауды игерту.

**Қайталау сабағы - 1 сағат**

Алдыңғы игерген шығармаларды қайталау, еске түсіру.

**Халық күйі «Тепеңгөк» - 8 сағат**

Халық күйі «Тепеңгөк» шығармасын домбыра аспабымен ойнауды игерту.

**Қайталау сабағы - 2 сағат**

Алдыңғы игерген шығармаларды қайталау, еске түсіру.

**Халық күйі «Кеңес» - 6 сағат**

Халық күйі «Кеңес» шығармасын домбыра аспабымен ойнауды игерту.

**Қайталау сабағы - 2 сағат**

Алдыңғы игерген шығармаларды қайталау, еске түсіру.

**«ДОМБЫРА ҮЙРЕНУ» ФАКУЛЬТАТИВ КУРСЫ БОЙЫНША  
ТАҚЫРЫПТЫҚ-КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР**

к/с	Сабықтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Күй — аспаптық музыкалық жанр	1	
2	Халық күйі «Көк дөнен»	1	
3	Халық күйі «Көк дөнен»	1	
4	Халық күйі «Көк дөнен»	1	
5	Халық күйі «Көк дөнен»	1	
6	Халық күйі «Көк дөнен»	1	
7	Халық күйі «Көк дөнен»	1	
8	Халық күйі «Көк дөнен»	1	
9	Халық күйі «Жастар биі»	1	
10	Халық күйі «Жастар биі»	1	
11	Халық күйі «Жастар биі»	1	
12	Халық күйі «Жастар биі»	1	
13	Халық күйі «Жастар биі»	1	
14	Халық күйі «Жастар биі»	1	
15	Халық күйі «Жастар биі»	1	
16	Қайталау сабығы	1	
17	Халық күйі «Тепеңгөк»	1	
18	Халық күйі «Тепеңгөк»	1	
19	Халық күйі «Тепеңгөк»	1	
20	Халық күйі «Тепеңгөк»	1	
21	Халық күйі «Тепеңгөк»	1	
22	Халық күйі «Тепеңгөк»	1	
23	Халық күйі «Тепеңгөк»	1	
24	Халық күйі «Тепеңгөк»	1	
25	Қайталау сабағы	1	
26	Халық күйі «Кеңес»	1	
27	Халық күйі «Кеңес»	1	

28	Халық күйі «Кеңес»	1	
29	Халық күйі «Кеңес»	1	
30	Халық күйі «Кеңес»	1	
31	Халық күйі «Кеңес»	1	
32	Халық күйі «Кеңес»	1	
33	Қайталау сабағы	1	
34	Қайталау сабағы	1	

## 1-сабақ

### Күй аспаптық музыкалық жанр

Қазақтың халық аспаптары музыкасының негізі- күй. Ал, күй дегеніміз- адамның жан дүниесіндегі толғаныс - тебіреністерін, тарихи кезеңдердегі нақты оқиғаларды, табиғат болмысындағы құбылыстарды, тағы басқа сезімдік әсерлерді музыка тілімен бейнелеп, көрсететін бағдарламалы мазмұны бар шығарма.

Күй өнерінің мол жүгін арқалап,оны бүгінгі күнге дейін жеткізіп, дара танылған негізінен үш аспап. Олар домбыра, қобыз және сыбызғы. Күй қазынасының басым көпшілігі домбыраның еншісінде.

Домбырашылық өнердің негізі — күйшілік өнер. Күй - құрылымы мен орындалу мәнеріне қарай төкпе және шертпе болып бөлінеді.

Күй жайдан-жай туындамаған. Әр күйдің өзіндік шығу тарихы мен аңызы бар. Сондай күйлердің бірі халық күйі «Ақсақ құлан». «Ақсақ құлан» күйі аңызының бірнеше нұсқасы бар.

#### Ақсақ құлан

Жошы ханның баласы құлан аулауға шығып, құландардың көсемін жаралайды. Жараланған құлан аңшыны қос өкпеден қос аяқпен теуіп, айдалада өлтіреді.

Ұлы хабар - ошарсыз кеткен соң, бір сұмдықты сезген хан жаман атты естуге дәті бармай былай деп жар салады: „Кімде кім баламның өлгенін естіртер болса, аузына қорғасын ерітіп құямын “. Мұндай сөзді естіген соң жаман хабарды барып айтуға кімнің батылы жетсін?! Ешкім тіс жармайды.

Бір күні тақта отырған ханның алдына қызметшісі жүгіріп келеді: „Алдияр тақсыр, ханзаданың хабарын білем деп есік алдына бір кісі келіп тұр“ дейді ол. Хан „кірсін“ деп әмір етеді. Ішке қолында домбырасы бар бір кісі кіреді. Хан: „Жолаушым,білгеніңді жасырмай түгел айт“,- дейді. Сонда күйші қолына домбырасын алып:„Менің білгенімді екі шек пен бір тиек айтып береді“, -деп күмбірлетіп жөнеледі.

Хан ұлының қаза тапқанын түсінеді. Сөзіне берік хан, домбыраның көмейіне қорғасынның ерітіндісін құяды.

## 2-8- сабақ

### Халық күйі «Көк дөнен»

Мұңғұл мен қазақ арасының дау-шары бір кездері асқынып соғысқа айналыпты. Бұл соғысқа көк дөненин мініп, бала Жәнібек те шығады. Хан Абылай мұны көрсе де, бетінен қақпапты. Сұрапыл соғыс бастала сала-ақ, қарсы жақтың күші басым келіп, Абылай жақ ығысып қашқан екен. Қалың

айғай-сүрен, у да шудың ішінде жүрген Жәнібек бір кезде Абылайдың артта қалып қойғанын аңғарып, жау жаққа қайта ұмтылыпты да, Абылайды ұтылап, қаумалап жүрген жауға араласып кетіпті. Жаудың бірталайын жер құштырып, бетін бір қайтарып жіберіп, Абылайға келіп, көк дөненін көлденең тартып:

- Қашып құтылыңыз, жаумен мен айқасамын! — депті. Абылай намыс көріп, көк дөненге мінгісі келмепті. Сонда Жәнібек ызаланып:

- Басыңды жауыңа алдырғанша, өзім алайын! — деп қылышын суырып алған екен. Абылай амалсыз көк дөненге мініпті.

Жәнібек Абылайдың атымен қайта соғысқа шығып, жауды қанға тоғытып, бетін қайтарыпты.

Жаудың беті қайтқан соң Жәнібек бір кезеңге шығып, атын қаңтарып тастап, демалайын деп ұйықтап қалады. Қайтып барған Абылай тобының ішіндегі керейдің бір шалы, Жәнібектің қайтып келмегенін біліп, іздеп шығады. Шал Жәнібек жатқан маңға келгенде атын қаңтарып тастап ұйқыда жатқан Жәнібекті көреді. Шал Жәнібекті оятып, ахуалды оған айтады да, топқа бастап кетеді. Бұл кезде ордадан Абылай да «көк дөненін берген баланы қайта көремін» деп кузау салып жатқан кезі екен. Осы кездің үстіне Қабанбай келіп ханға үш талап қойған екен.

Сондағы үш талабы мынау екен: оң тізесінен орын беру; ол болмаса, асық жіліктің басын ұстатып бала қылып алу; ол да болмаса, қолында ұстап туын беру. Сонда Абылай тұрып:

- Оң тіземе отырғызып уәзір етсем, халық не дейді? Ал асық жіліктің басын ұстатып бала қылып алғаныммен кісі баласы кісіге бала бола ма? Ең дұрысы ешкімнің таласы жоқ, туымды берейін, — деп Жәнібекке қолындағы туын берген екен. (осы туды Жәнібектің үшінші немересі Зарыққан сақтап келген).

Бұл аңыз елге тарап, ханды жаудан құтқарып кеткен көк дөненді домбырашылар күй етіп, «Жәнібектің көк дөнені» деп шерткен. Осы күй шертілсе болғаны, ел әруақты батыр Жәнібектің ерліктерін еске алады.

# КӨК ДӨНЕН

Жүрдек  
♩ = 128

Халык күйі

The musical score for 'Kök Dönen' is written in 4/4 time with a tempo of 128 beats per minute. It consists of a single melodic line on a treble clef staff. The piece is marked with various fingering numbers (1, 2, 4) and breath marks (b) above the notes. The score is divided into six systems, with measure numbers 5, 9, 14, 19, and 22 indicated at the beginning of their respective lines. The piece concludes with a double bar line and a fermata over the final note.

Сандық нұсқасы.

КӨК ДӨНЕН

ХАЛЫҚ КҮЙІ

2/4

0 0 0 0 | 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 0 0 | 0 2 4 5 | 7 4 5 | 4 2 0 2 | 4 2 4

5 5 5 5 | 5 0 5 | 5 0 5 0 | 5 0 5 | 0 0 5 5 | 5 5 5 | 5 0 0 0 | 0 0 0

6 6 6 6 | 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6

9

4 2 0 4 | 2 0 2 | 0 0 0 0 | 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 0 0 | 0 0 0 | 12 0 12 0 | 12 0 12

0 0 0 0 | 0 0 0 | 5 0 5 0 | 5 0 5 | 5 0 5 0 | 5 0 5 | 5 0 5 | 10 10 10 10 | 10 10 10

6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6

12 14 12 14 | 12 14 12 | 12 10 9 9 | 10 9 10 | 9 7 5 7 | 9 7 9 | 7 5 4 5 | 7 5 7

12 12 12 12 | 12 12 12 | 10 10 10 10 | 10 10 10 | 7 7 7 7 | 7 7 7 | 5 5 5 5 | 5 5 5

6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6

4 2 0 2 | 4 2 4 | 4 2 0 4 | 2 0 2 | 0 0 0 0 | 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 0 0 | 0 2 4 5

5 0 0 0 | 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 0 0 | 5 0 5 0 | 5 0 5 | 5 0 5 0 | 5 0 5 | 0 0 5 5

6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6

4 1 2 | 1 1 0 1 | 4 1 4 | 4 1 4 | 1 1 1 | 0 0 0 0 | 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 0 0 | 0

7 4 5 | 4 2 0 2 | 4 2 4 | 4 2 0 4 | 2 0 2 | 0 0 0 0 | 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 0 0 | 0

5 5 5 | 5 0 0 0 | 0 0 0 | 0 0 0 0 | 0 0 0 | 5 0 5 0 | 5 0 5 | 5 0 5 0 | 5 0 5 | 5

6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6 | 6 6 6 6

9-15-сабақ

Халық күйі «Жастар биі»

Жастар биі

Желдірте  
♩ = 100

Халық күйі

The musical score is written in 2/4 time and consists of six systems of music. Each system contains a single staff with a treble clef. The music is characterized by a complex, repetitive rhythmic pattern of sixteenth notes, often beamed in groups of four. Above the notes, there are numerous fingering indications (numbers 1-4) and breath marks (represented by 'V' or 'n' symbols). The piece begins with a key signature of one sharp (F#) and a common time signature of 2/4. The score includes repeat signs and ends with a final cadence.

## Сандық нота нұсқасы:

### Жастар биі

ХАЛЫҚ КҮЙІ

The musical score is written in numerical notation on a single staff. It begins with a treble clef and a 2/4 time signature. The notation consists of numbers 0, 4, 5, 7, 9, 10, and 12, representing notes on a scale. Above the numbers are various symbols: 'п' for breath marks, 'V' for slurs, and numbers 1-4 for fingerings. The score is divided into measures by vertical bar lines and includes repeat signs (double bar lines with dots) at the beginning and end of sections. The piece concludes with a double bar line and a repeat sign.

## 16-сабақ

### Қайталау сабағы

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Күй қандай жанр?
2. «Көк дөнен» күйінің мазмұны не туралы?
3. «Көк дөнен күйі қандай ырғақта орындалады?
4. Бас буын күйдің қай бөлімі?
5. Орта буын қандай пернелерде ойналады?
6. «Жастар» күйінің екпіні қандай?
7. «Жастар» күйі неше буыннан тұрады?
8. Неге халық күйі деп аталады?

## 17-24- сабақ

### Халық күйі «Тепең көк»

«Тепеңкөк» күйінің аңызы.  
(I нұсқа)

Тепеңкөк әу баста бір байдың қойға салған шабан аты екен. Мың салса бір баспайтын шабандығына бола Тепеңкөк атанса керек.

Күндердің бір күнінде тақымында жүрген Тепеңкөкке жұрттан асқан бір сыншының көзі түседі. Сыншы Тепеңкөктің алды-артына шығып, сұқтана қарап тұрып: «Апыр-ай, осы заманның жылқысы азды ма деп жүрсем, жоқ, менің көзім тозған екен ғой. Мына жануар бүйірімді қыздырсаң, бәйгеден келем деп тұр ғой!» – дейді.

Бұл сөзді естіген қойшы: «Бәрекелді, қойға да жете алмайтын Тепеңкөкке қайдағы бәйге!» – деп күледі.

Сыншы сол бетінде ат басын байдың үйіне тірейді. Сөз арасында сыншы: «Бәйеке, қырық жылда бір туатын ерен жүйрікті қор қылып, қойға салып қойғаныңыз қалай?» – деп сұрайды байдан.

Бай бұл сөзді көңіліне алып, сыншы келеке етіп отыр-ау деген оймен: «Шын жүйріктің қырық жылда бір туатыны рас болса, сол қырық жылда ортаймайтын дәулетім бар. Менен жүйрік жылқы көргің келсе, қырық жылдан кейін кел!» – деп, қырыс қабақ танытады. Сонда сыншы: «Бәйеке, көңіліңізге алмаңыз, мен шынымды айтып отырмын. Шыққыр көзім шықпаса, қойшының астындағы Тепеңкөк алдына қара салмас жүйріктің өзі. Тек, бабын білмей жүрсіздер. Тепеңкөк бүйірі қызбай шаппайтын, арқасы қозбай арындамайтын ат. Сол үшін, бәйгеге қосарда екі қоржын басы құм теңдеп алу керек. Әрі-бері шапқан соң құлағының түбінен тер білінер. Тер білінген соң-ақ Тепеңкөктің бауыры жазылып, созыла шабуға тиіс. Сол кезде қоржын түбін өткір кездікпен тіліп жіберіп, құмын төксе, сонан соң аруағын көтере ұрандап, айқайға салып отырса, Тепеңкөк сақпанның оғындай заулар еді!» – дейді.

Сыншының айтқан сөзіне бай құлақ асып, бәйгеге қосады. Жай қоспайды, аяққаптай ала қоржынға құм теңдеп қосады. Айтқанындай, сол жолы Тепеңкөк небір желаяқ жүйріктерге шаң қаптырып, жалғыз қара болып бәйгеден келіпті. Осыдан кейін бабы табылған Тепеңкөк бәйгенің алдын бермейтін болыпты дейді.

Мына күй сол Тепеңкөктің шабысын келтірген, арасында ат үстіндегі баланың ұрандаған айқайын білдіретін күй екен.

# ТЕПЕҢКӨК

Жүрдек  
♩ = 100

Халық күйі

The musical score for 'Тепеңкөк' is written in 4/4 time with a tempo of 100 beats per minute. It consists of seven staves of music, each starting with a measure number (1, 5, 9, 13, 17, 21, 24). The key signature has one flat (B-flat). The score is characterized by a dense, rhythmic texture, primarily using sixteenth notes and eighth notes. Fingerings are indicated by numbers 1-4 above the notes. The piece includes several dynamic markings such as accents and slurs. The final measure of the piece (measure 24) ends with a double bar line and repeat dots.

## Сандық нұсқасы:

# ТЕПЕҢКӨК

Халық күйі

The musical score for 'Тепеңкөк' is presented in four systems, each with a treble clef and a 4/4 time signature. The notation includes rhythmic values (e.g., 2, 4, 8, 16, 32, 64, 128, 256, 512, 1024) and articulation marks (accents, slurs, and breath marks). Fingerings are indicated by numbers 1-4 above the notes. The score is divided into measures by vertical bar lines, with repeat signs at the beginning and end of sections.

## 25-26-сабақ

### Қайталау сабағы

«Көк дөнен», «Жастар», «Тепеңкөк» күйлерін қайталау.

### Қайталауға арналған сұрақтар:

1. «Тепеңкөк», «Көк дөнен» күйлерінің ұқсас жақтарын ата.
2. «Тепеңкөк» күйінің ырғағы қандай?
3. «Жастар биі» күйінің көңіл-күйі қандай?
4. Үйренген күйлердің ішінде қай күйдің саға буыны жоқ?
5. «Сауса – сусын, жесе – тамақ, мінсе – көлік» деген теңеу қай жануарға байланысты айтылған деп ойлайсың?
6. Жылқы малының сүйегінен қандай аспап жасауға болады?
7. Жылқы малының қимылын қандай биде келтіреді?

27-32-сабақ

Халық күйі «Кеңес»

Кеңес (2 түрі)

Желдірте  
♩ = 100

Халық күйі

The musical score is written in 2/4 time and consists of six systems of music. Each system contains a single melodic line on a treble clef staff and a guitar accompaniment on a bass clef staff. The melody is composed of eighth and quarter notes, often with slurs. The guitar accompaniment uses a mix of chords and single notes, with fret numbers (0-4) and picking patterns (V for downstroke, ^ for upstroke) indicated above the notes. The score is divided into measures by vertical bar lines, with some measures containing repeat signs. Measure numbers 9, 18, 27, 35, and 40 are marked at the beginning of their respective systems.

## Сандық нота нұсқасы:

### Кеңес (2 түрі)

Жүрдек  $\text{♩} = 100$  Халық күйі

The musical notation consists of three staves. Each staff begins with a treble clef and a 2/4 time signature. The notation uses numbers (0, 5, 7) and vertical lines to represent notes and fingerings. Above the numbers are various symbols like '1', '2', '4', and 'V' indicating fingerings and accents. The notation includes repeat signs (double bar lines with dots) and a key signature of one flat (B-flat).

## 33-34- сабақ

### Қайталау сабағы

«Көк дөнен», «Жастар биі», «Тепеңкөк», «Кеңес» күйлерін қайталау.

### Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Күй сөзі қандай мағына береді.
2. Күй неше буаннан тұрады?
3. Күйдің көңіл күйін қалай білуге болады?
4. Үйренген шығармалардың ішінде қай күйдің сағасы бар?
5. «Кеңес» күйінің екпіні қандай?
6. Көптеген күйлер неліктен халық күйі деп аталады?
7. Үйренген күйлердің тақырыбы жағынан ұқсасы қайсысы?

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Домбырадан сабақ беру методы. Х.Тастанов., Алматы: «Жазушы» баспасы, 1970. - 74 б.
  2. Кюй. Звукоряд традиционной домбры и композиционная терминология. Надирбеов Ж. Р.Экожан, 2010. - 140 с.
  3. Домбыра үйрену мектебі. Л.Хамиди, Б.Ғизатов. Алматы: Өнер, 1983 . - 147 б.
  4. Домбыра үйрену мектебі. А.Жайымов, С.Бүркітов, Б.Ысқақов. Алматы: Өнер, 1992. - 240 б.
  5. Домбыра үйренейік. Ө.Спанов. Алматы: Әуен, 2000 – 76 б.
  6. Домбыра ойнау оңайма?. Ж.Нәжімеденов. Алматы: Өнер, 2008. - 152 б.
  7. Домбыраға арналған хрестоматия. Қ.Мұхитов, Қ.Досымжанов. - Өнер, 1985. - 60 б.
  8. Күй қайнары. Райымбергенов А., Аманова С. Алматы: Өнер, 1990. - 288 б.
  9. Музыка. 2-сынып. Ш.Құлманова, Б.Сүлейменова, Т.Тоқжанов. Алматы: Атамұра. 2017.
  10. Күй керуені. .А.Есенұлы, Г.Елеусізқызы. Алматы: Өлке, 1997. - 160 б.
  11. Қазақтың күй өнері. Ақселеу Сейдімбек. Астана: Күлтегін, 2002. - 831 б.
- Қолданылған интернет материалдары:
12. <https://www.pinterest.ie/pin/588353138798651065/>
  13. <https://shygharma.info/b-jge-s-jg-likter-sajysy/>
  14. <https://allart.kz/dombra-v-vektore-cdr.html>
  15. [kk.m.wikipedia.org](http://kk.m.wikipedia.org)
  16. <http://www.otbasym.kz/public/index.php/news/kultura/2018-03-08/nauryz-prazdnik-vesny-i-izobiliya>
  17. «Қазақтың Домбыра өнері». М.Әбуғазы «Нұрсәт» баспасы, Алматы. 2016 ж.
  18. <https://stihi.ru/2010/05/06/4013>
  19. <https://infourok.ru/merekeler-men-ertegilikter-zhinai-3013922.html>
  20. [https://kopilkaurokov.ru/nachalniyeKlassi/uroki/mienin\\_suiikti\\_isim](https://kopilkaurokov.ru/nachalniyeKlassi/uroki/mienin_suiikti_isim)
  21. <http://shattik.mya5.ru/kontakty-1/?isMobileMode=1>
  22. <https://multiurok.ru/index.php/files/erinshektin-erteni-bitpes-3-synyp-kazak-tilinen-sa.html>
  23. <https://ztb.kz/obsestvo/nauryz-kni-eskeretin-alty-mindet>
  24. <https://kaz.nur.kz/1824479-kazakty-bi-sesenderi-turaly-kansalykty-zaksy-bilesiz.html>
  25. <https://sn.kz/sn-akparat-agyny/58584-aksak-ku-lan-anyzyndagy-akikat-kuidi-zhaksy-tusingen-shyng-yskhan-kalai-mong-ol-atanyp-zhur>
  26. <https://www.opiq.kz/kit/63/chapter/2437>
  27. <https://e-history.kz/ru/contents/view/4219>
  28. <https://kazislam.kz/bala-a-jy-tar-aldynda-besik-zhyryn-aj/>
  29. <https://slides.kz/ulttyk-muzykalyk-aspaptar-slayd/>

